# АРҚАЛЫҚ хабары

web-сайт: www.arklife.kz

№ 5 (1103)
06.02.2026 ж.

E-mail:
arkalyk.habar@mail.ru

@arkalyk.habary

Қалалық апталық газет | Городская еженедельная газета


# Құрылыс қарқыны бәсеңдемейді

**Арқалық қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің жоспары бойынша аймақта бірқатар ауқымды жобалар іске асырылуда. Бөлімнің бас маманы Асылбек Шоқақовтың айтуынша, қазіргі уақытта қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту мен инженерлік желілерді жаңғыртуға басымдық беріліп отыр.**




ФОТО ЖИ арқылы жасалды

## Спорт пен отбасын қолдауға бағытталған нысандар

Жуық арада іске асатын маңызды жобалардың бірі — Абай даңғылы бойында бой көтеретін жабық хоккей корты. Бұл нысанның құрылысына облыстық бюджеттен 500 млн теңге көлемінде қаражат бөлініп отыр. Сонымен қатар Ш. Жәнібек көшесіндегі ғимаратты «Отбасын қолдау орталығы» ретінде қайта жаңғырту үшін жобалық-сметалық құжаттар дайындалуда. Бұл орталық қала тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсететін нысан болмақ.

## Кәріз бен жылу жүйелерін жаңғырту жалғасады

Қаладағы ең өзекті мәселелердің бірі – кәріз және жылу жүйелерін жаңарту. Өткен жылы басталған кәріз желілерінің бірінші кезеңін аяқтауға 316,9 млн теңге бағытталды. Жалпы жоспарланған 17 шақырымның 7 шақырымы төселіп үлгерді. Биыл тағы 4 шақырымға жуық желі жүргізілмек. Бұл бағытта республикалық бюджеттен қосымша қаржыландыру күтілуде. Оған қоса, кәріз жүйесінің екінші кезеңіне 1 млрд 875 млн теңге, ал жылу желілерінің үшінші кезеңіне 486,5 млн теңге бөлінуі коммуналдық шаруашылықтың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қала орталығымен қатар ауылдық округтерде де жұмыс қарқынды. Родина ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталады және инженерлік желілерін жаңарту жұмыстары жүреді. Ал Молодежное және Үштөбе ауылдарында су құбырын тарту жұмыстары толық бітіп, қазіргі уақытта нысандарды пайдаланушы ұйымдарға өткізу процесі жүріп жатыр.

Инвестицияның басым бөлігі көрінбейтін, бірақ өмірлік маңызы зор инженерлік желілерге жұмсалуы – жергілікті биліктің ұзақ мерзімді сапаға мән беріп отырғанының белгісі. Жаңа спорттық және әлеуметтік нысандардың ашылуы қаланың демографиялық ахуалына оң әсер етіп, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға негіз болады деген сенімдеміз.

**«АХ»**

# Дзюдошылар жеңіспен оралды

**Лисаков қаласында жастар арасында дзюдодан ІІІ ші Республикалық жарыс өткен болатын.**

Еліміздің әр өңірінен жиналған спортшылар арасында қаламыздың жас пауландары да жақсы нәтиже көрсетіп қайтты.

Кемаль Рашатұлы Усмановты еске алуға арналған жарысқа 2006-2009 жылдар аралығында туған ұл және қыз балалар қатысты. Шарада еліміздің 14 облысынан 260 спортшы бақ сынаған.

Айтулы жарысқа Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен 11 ұл 5 қыз бала қатысып, жеңімпаз – жүлдегерлерлер қатарынан көрінді.

ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің білікті маманы Абай САРЫБАЕВ мәлімдегендей, Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенті Жансая ШЕГЕН 70 келі салмақта қарсылас шыдатпай 1 -орынды жеңіп алса, аталған оқу орнының тағы бір білім алушысы Олжас ҚУАНЫШ 55 келіде бақ сынап, жүлделі 2-орынды олжалады (СУРЕТТЕ).




Торғай гуманитарлық колледжінің келесі студенті Назым ТОҚТАР 44 келіде, Арқалық медицина колледжінің білім алушысы Гүлназ ҚУАНЫШ 52 келі салмақта және Кейкі батыр атындағы №4 мектептің оқушысы Тұмар БЕКЕТ 57 келі салмақ дәрежесінде шеберлік сынасып, қола жүлдені қанжығаға байлады.

# Новости аркалыкской медицины: операции на сердце, МРТ и долгожданный роддом

**В Аркалыкской региональной больнице сменилось руководство — кресло исполняющего обязанности главного врача занял Нурлыбек ИЗЕТОВ.**



Планы у нового руководителя амбициозные: превратить местную больницу в мощный межрегиональный центр, чтобы горожанам больше не приходилось ездить в Костанай или Астану за сложными операциями.

## Роддом на финишной прямой

Главный вопрос, волнующий жителей, — когда откроется родильное отделение? Капитальный ремонт здания затянулся: объект должны были сдать еще год назад. Нурлыбек Изетов пояснил, что сроки пришлось продлить, но сейчас работа кипит. Подрядчик увеличил число строителей в бригадах, и долгожданный запуск отделения намечен на текущий год.

## Кардиология и МРТ: новый уровень диагностики

Больница готовится к техническому рывку. Главная новость для сердечников — запуск ангиографа. Теперь в Аркалыке будут не только обследовать сосуды, но и проводить полноценные операции на сердце.

Рядом со стационаром планируют возвести пристройку для современного кардиологического отделения. Кроме того, в этом году в больнице наконец появится свой аппарат МРТ, новый маммограф и флюорограф. Парк оборудования уже пополнился операционными столами и многофункциональными кроватями, а в ближайшее время ожидается поставка реанимационного стола для новорожденных.

## Реабилитационный центр для детей готов

На базе больницы практически готов к открытию реабилитационный центр для детей с ограниченными возможностями. Ремонт там завершили еще в 2024 году, сейчас идет финальный этап закупа техники.

Мощность: 30 койко-мест (до 600 детей в год). Будет работать солевая шахта и специализированный бассейн. С маленькими пациентами будут работать логопеды, инструкторы ЛФК и профильные массажисты.

## Кадровый вопрос перерастает в квартирный

Несмотря на общую укомплектованность штата в 96%, городу все еще нужны узкие специалисты. На этой неделе в Аркалык уже прибыл детский хирург из столицы — ему сразу выделили служебную квартиру.

«Ряд врачей готовы ехать к нам, но ставят условие: не просто голые стены, а меблированное жилье», — отмечает Нурлыбек Изетов.

Сейчас больница ищет офтальмолога и нефролога. Проблему с последним решают своими силами: местного терапевта отправили на переобучение в Астану.

## Электронные табло и развивающий игровой уголок

Модернизация затронет и первичное звено. В поликлинике планируют внедрить электронные табло и систему самозаписи. Для детей, ожидающих приема, откроют развивающий игровой уголок.

Что касается сел, то акимат рассматривает строительство новых ФАПов и врачебных амбулаторий по примеру Фурманово и Восточного. Главный критерий здесь — демография: строить и ремонтировать будут там, где есть население и перспективы развития.

# Приход угля более четырех десятков тысяч тонн

**Отопительный сезон 2025-2026 годов уже давно перешагнул экватор. До его окончания осталось каких-то пару-тройку месяцев. И с самого начала данный важный период в жизни нашего города проходит в штатном режиме.**

По информации, предоставленной начальником производственно-технического отдела ГКП «Аркалыкская ТЭК» Инной РЕЙМЕР, в эти дни теплоснабжение города осуществляется новой ТЭЦ на твердом топливе. Речь идет о двух паровых котлах №4 и 6, а также водогрейных котлах №3 и 4. В настоящий момент паровой котел №5 находится в резерве. С учетом того, что температура наружного воздуха на неделях устоялась в среднем -13 градусов по Цельсию, температура в сети на выходе составляет 68 градусов и на входе (обратке) – 56 градусов.

С начала отопительного сезона было выработано 6 млн. 932 тыс. 542 кВт электроэнергии при выработке 3 мВт/час. Вся эта энергия расходуется на собственные нужды ТЭЦ. Как напомнила Инна Викторовна, весь отопительный сезон для города проводится на угле. В целом, на нужды ГКП «Аркалыкская ТЭК» годовая потребность в твердом топливе составляет 48 тыс. тонн. В этой связи на отопительный сезон 2025-2026 годов с ТОО «СтарПромСнаб» (г. Алматы) еще в конце июля прошлого года был заключен соответствующий договор на поставку угля в вышеуказанном объеме. Начиная с августа минувшего года, уголь стал поставляться согласно графику. И эти поставки будут продолжаться вплоть до апреля текущего года.

По состоянию на минувший понедельник на Аркалыкской ТЭЦ имелось 13 тыс. 014 тонн угля или 50-ти суточный запас, а также 2 тыс. 112 тонн мазута (17-ти суточный запас). Как подчеркнула И. Реймер, подрядчик своевременно выполняет свои договорные обязательства. Так, с начала текущего отопительного сезона приход составил 41 тыс. 669 тонн твердого топлива.

Поставка дополнительного объема мазута также будет произведена согласно утвержденному Министерством энергетики РК графику закрепления областей и городов за основными ресурсосодержателями нефти и нефтепродуктов по поставке мазута на социально-производственные объекты и учреждения. Что же касается абонентов тепловых сетей по услугам производства, передачи, распределения и снабжения тепловой энергии, то всего это 7 тыс. 674 единицы. Среди указанного числа абонентов жители 135-ти многоэтажных жилых домов, 132-ух частных жилых домов, 56 – абоненты бюджетных организаций и 368 абонентов относятся к разряду прочих.

**Пресс-служба ГКП «Аркалыкская ТЭК»**

# Как проводится ЕНТ – 2026?

**В нынешнем учебном году школу покинут порядка трех сотен учеников. Из них большая часть приняли решение о прохождении Единого национального тестирования. Причем первый этап этого экзамена на зрелость стартовал в январе.**



Как напомнили в отделе образования акимата г. Аркалыка, ЕНТ – является системой оценивания знаний по 5 предметам, результаты которых применяются в качестве вступительных экзаменов в высшие учебные заведения Республики Казахстан. ЕНТ не является обязательным для всех. Выпускники, которые не планируют поступать в казахстанские вузы, а выбирают колледж, то есть среднее специальное образование, вообще не поступают в этом году, либо поступают в университеты других стран, могут не проходить тестирование.

ЕНТ проходят 4 раза в год. А именно в январе, марте и августе – для поступления на платной основе. При этом в июне и июле ЕНТ проводится для участия в конкурсе на присуждение образовательного гранта за счет бюджетных средств. Произвести оплату можно, что называется, не выходя из дома через мобильное приложение Каспи.кз.

Как уже выше сказано, тестирование проводится по 5-ти предметам. То есть, трем обязательным и двум профильным. Участникам ЕНТ дается 120 тестовых заданий, из них по истории Казахстана – 15, по математической грамотности – 15, по грамотности чтения – 20 и по двум профильным предметам по 35.

В мае-июне выпускники проходят итоговую аттестацию. Итоговая аттестация учащихся 11 классов – это экзамены в школе, по результатам которых выдается аттестат о среднем образовании. Аттестация проводится по 5 предметам, включая 4 обязательных. А именно: родной язык, второй язык, алгебра и начала анализа, история Казахстана и один предмет по выбору с учетом их профиля обучения. Тестирование по двум предметам будет проводиться в один день в школе. В случае несогласия с оценкой, выставленной за экзамен, обучающийся, обращается до 13 часов следующего дня после объявления экзаменационной оценки в Экзаменационную комиссию по итоговой аттестации обучающихся, созданную при городском отделе образования. Сроки итоговой аттестации будут устанавливаться приказом профильного Министерства «О завершении 2025-2026 учебного года», ориентировочно в конце мая, начале июня. Стоит также отметить, что ЕНТ проходит на базе Аркалыкского педагогического университета имени И. Алтынсарина.

**«АХ»**

**ӨЗАҒАҢНЫҢ ТУҒАНЫНА - 95 ЖЫЛ**

# Рух сақшысы

**Бір ғана адам тұтас бір ұлттың мәдениетін оята ала ма? Қазақтың жоғалған мұрасын тауып, мәдениет үзеңгісіне аяқ тастатқан кім? Өзі жасырса да, қазаққа сіңген ұлы еңбегін тарих жариялауда. Қазақ мәдениетіне тіл бітсе, Өзбекәлі үні естілер ме еді...**

Биыл Өзбекәлі Жәнібековтың туғанына 95 жыл толып отыр. Бір ғасырда бір туатын нағыз ұлт кемеңгерінің халқына сіңірген бір сыпыра еңбегін бірі білсе, бірі білмей келеді.

Өзбекәлі – рух сақшысы, мәдениетіміздің қорғаушысы. Сан ғасырлық тарихы бар, XII ғасырда даңқты қолбасшы Әмір-Темірдің бұйрығымен салынған Қожа Ахмет Яссауий кесенесі өз маңызынан айырыла бастаған шағында кесенеге жаңа дем берген қайраткер. Салмағы – 2 тонна, сыйымдылығы – 3 мың литр болатын, құрамы - мыс, мырыш, алтын, күміс, қола, қорғасын, темір секілді жеті металдың қоспасынан, иран шебері – Әбділ Әзиз Шарафаддин Тебризиге арнайы тапсырыспен жасатқан әйгілі –«Тайқазанымызды» қайтарып берген де – рух сақшысы еді. Жоғалтқан жадымызды қалыпқа келтіріп, жәдігерлерімізді түгендеп, Яссауй кесенесінің тарихи мұражай болуына да мұрындық болған.

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Уақыт ең әділ төреші екенін ұмытпайық» деп өсиет еткені секілді, Өзбекәлі Жәнібеков те уақыт сотына әділ шешім шығартты. Кешегі елім деп еміреніп, жерім деп жанып, тілім деп тағдырын алақанына қысып жанкештілікпен, «Халық жауы» атанған ұлт көсемдерінің атына жағылған күйеден арылуға үлкен қадам жасады. М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, Ш.Құдайбердіұлы секілді ұландармызды ақтап алу ісін ұйымдастырды. Ұйымдастырып қана қоймай, ұлы тұлғаларымыздың еңбектерін насихаттаумен де айналысты.

Жарты ғасыр кеудеде тұншыққан гүлдер бүршік атып, қазақ даласына қайта көктем сыйлады. Ұмыт болып бара жатқан мерекемізді, қазақтың әз-Наурызын еліне қайта сыйлады. Наурызбен бірге халқымызға үміт те сыйлады.

Қазақтың көне тарихын, музыка өнерін, сонау заманғы аспаптарымызды игеруді қайта қолға алып, қазақтың музыкалық аспаптарын зерттеу және насихаттау ісіне бет бұрды. Кернеуін тот басып, үні қарлыққан аспаптарының үнін жандандырып, қазақ өнерін насихаттайтын ансамбльдер құрды.

Бұл – Өзбекәлінің елімізге еткен ұшан -теңіз еңбегінің бір ұшы ғана. Рух сақшысының елі үшін ашқан мұражайлары, жазған кітаптары, атқарған еңбектері бізге не берді? Жәнібеков секілді заңғар тұлғалар тек тарих бетінде қала ма? Қазақтың шамшырағы атанған қайраткерлерді тек өткен ғасырдан іздейміз бе?

Жоқ. Біз әлі де Өзбекәлілерге мұқтажбыз. Мәдениетімізді жаңа деңгейге көтеріп, ұлтқа қызмет ететін ұландар әлі де сұранысқа. Миллиондаған жанашырлардың ішінен суырылып шығып, халық үнін жаңғыртатын Жәнібековтер - бүгінгі таңда нағыз керек тұлғалар. Өзбекәлінің бізге қалдырған ең үлкен сұрағы «Мен елім үшін не істей аламын?» еді. Бұл сұрақтың аясында аянбай еңбек етіп, тарихын қайтарып, мерекесін жаңғыртып, көсемдерін ақтап, мұражайлар салып, музыка өнерін жаңғыртып, мәдени майданның майталманы атанған. Ал, біз еліміз үшін не істей аламыз? Келешек ұрпақ бізді кім деп, қандай еңбек сіңірді деп еске алады? Қайтсек елімізге пайдамыз тиеді? Бұл сұрақтың жауабын табуды оқырманға қалдырдым.

**Гүлбаршын СЕЙДАХМЕТОВА,**
**Ашутасты ауылдық округі, Аққошқар ауылы Ақбұлақ негізгі орта мектебі**

**АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНА – 70 ЖЫЛ!**

# Оқушылар Арқалықта болса деген нысандардың үлгісін жасады

**Түрлі нысандар бой көтеріп, абаттандыру жұмыстарының арқасында Арқалық қаласының жыл санап ажары артып келеді.**



Оқушылар болса қаланың болашақта бүгінгіден де көрікті болатынына сенеді және оны өздерінше суреттейді. Олар бұл арман – жоспарларын арнайы ұйымдастырылған байқауда көрсетті.

«Болашақ Арқалық - балалар көзімен» аталған байқау қаламыздың 70 жылдығына орайластырылған. Шараға қала және ауыл мектептерінен, қосымша білім беру орталықтарынан оқушылар қатысты. Қатысушылар Арқалықтың болашағын, бұл жерде болса деп арманететін нысандарын елестетіп қана қоймай, макет арқылы бейнелеп, назарға ұсынды.

Бір оқушы Арқалық ірі мегаполиске айналып, Астанадағыдай LRT секілді пойызының жүргенін бейнелесе, енді бірі жануарлар бағын, жабық хоккей кортын, әуежай мен термопаркті салған.

«Мен байқауға «Заманауи термопарк макетін» әкелдім. Бұл жобаның мақсаты – адамдар демалып, денсаулығын жақсарта алатын термопарк үлгісін жасау. Макетте ашық және жабық бассейндер, балаларға арналған су аймағы, сауықтыру және демалыс орындары бар. Жобада қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінді. Құтқару және медициналық пункт қарастырылған. Сонымен қатар, экология сақталып, жасыл аймақтар қосылды. Бұл термопарк адамдарға пайдалы және болашақта іске асыруға болатын жоба деп ойлаймын», -дейді байқаудың 1 – орын иегері, Родина ауылындағы Ә. Бөкейхан атындағы мектептің оқушысы Жансая ҚАЛДЫБЕК.

Байқау қорытындысы бойынша I орынды - №2 мектеп оқушысы - Әлихан АЛДАБЕРГЕН, Т.Әубәкіров атындағы негізгі мектеп оқушысы - Айшабибі САПАРБАЙ, А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназия оқушысы-Жетпіс Бейбарыс ЖЕТПІС және Ә.Бөкейхан атындағы мектеп оқушысы - Жансая ҚАЛБЫБЕК жеңіп алды.

Қазылардың шешімімен II орын - Ы.Алтынсарин атындағы гимназия оқушысы - Омар ӘБДІБЕККЕ, №7 мектептен - Әлинұр АХМЕДҚАЛИҒА және М.Әуезов атындағы №5 мектеп оқушысы - Айбота МҰРАТБЕККЕ берілді.

Сондай ақ Ш.Уәлиханов атындағы №1, Б. Майлин атындағы №3 , Кейкі батыр атындағы №4 , №8 , №10 , Қаратоғай , Фурманов мектептері мен Қосымша білім беру орталығы III орынды иеленді. Барлық қатысушылар мен жетекшілері мадақтамалармен марапатталды.

«Бұл байқауда әр оқушы өз жетекшілерімен бірігіп қаламыздың болашағын, жоғары деңгейде дамыған әрі көрікті қала ретінде елестетіп, бала қиялы ғана емес, ертеңгі күннің шынайы бейнесі ретінде түрлі көз тартарлық макеттер жасап, сол қолдан жасалған туындыларын таныстырып, жұмыс істеу барысын көрсетті. Бұл да болса Арқалық қаласының – 70 жылдығына арналған мерекелік іс -шараларға оқушыларымыздың қосқан үлесі деуге болады», - дейді Арқалық қалалық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес байқауды ұйымдастырушы, «Жас Ұлан» БЖО жанындағы «ARK PROJEKT» үйірмесінің жетекшісі Гүлнұр СҮЙІНБЕКОВА.

# Арқалық рухын асқақтатқан көшпелі концерт

**Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектеп ұжымы жуырда Арқалық қаласының 70 жылдық мерейтойына орай «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында көшпелі мәдени-рухани іс-шара ұйымдастырды.**



Торғай төсіндегі тарихы терең, еңбек пен ерліктің ордасы атанған Арқалықтың мерейлі мерекесі қарсаңында мектеп өнерпаздары Восточный, Фурманово, Үштөбе ауылдарына арнайы барып, «Ән – көңілдің ажары» атты мерекелік концерттік бағдарламасын ұсынды.

Іс-шара ауыл тұрғындары мен оқушыларға ерекше көтеріңкі көңіл күй сыйлап, шынайы өнер мерекесіне айналды. Концерт барысында оқушылардың орындауындағы патриоттық әндер, туған жер мен Арқалыққа арналған шығармалар, халық әндері мен заманауи әуендер көрермендер тарапынан зор қошеметке ие болды. Әрбір ән мен күй туған өлкенің тарихын, Торғай даласының кеңдігін, Арқалық жастарының жалынды рухын сезіндірді.

Көшпелі концерт аясында оқушылардың сахналық мәдениеті шыңдалып, өнерге деген қызығушылығы арта түсті. Бұл сапар тек концерттік бағдарлама ғана емес, Арқалықтың дарынды жастарының ауыл халқымен рухани байланысын күшейткен тағылымды кездесу болды.

Ауыл тұрғындары ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, Арқалық өнерпаздарының өнеріне жоғары баға берді. Мұндай мәдени-рухани шаралар ел бірлігін нығайтып, жас ұрпақтың бойында туған жерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыратыны анық.

Арқалықтың 70 жылдық мерейтойы аясындағы бұл игі бастама алдағы уақытта да жалғасын тауып, өңірдің мәдени өміріне серпін беретіні сөзсіз.

**Көркем ТҮЙЕБАЙ,**
**Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары**

# Елу бес отбасы қоныс тойын тойлады

**Өткен аптаның соңында қаламызда көптеген жанға қуаныш сыйлаған игі шара орын алды. Яғни, баспанаға мұқтаж ретінде үй кезегінде тұрған, әлеуметтің осал тобына жататын тұрғындар пәтер кілттерін иеленді.**







Мемлекеттік бағдарлама нәтижесінде қаражат бөлініп, қайта қалпына келтіріліп, баспана ретінде пайдалануға берілген үй кірсе – шыққысыз, кең, жылы әрі жайлы. Жөндеу жасалған, көшіп келіп, тұра беруге әзір пәтерлер сандаған жыл кезекте тұрып, үй алуға асыққан тұрғындардың көңілін тасытты.

Бірнеше жыл баспана кезегінде тұрып, енді ғана армандаған пәтеріне қол жеткізудің алдында толқу үстіндегі тұрғындар. Жақындарының, ағайынының қуанышына ортақтасуға келіп, бірін – бірі құттықтасып, мәре – сәре болған халық. Ата дәстүрмен шашу шашқалы тәттілерін қолына ыңғайлап ұстаған ақ жаулықты аналар. Жөндеуден кейін пайдалануға берілгелі тұрған Байтұрсынов көшесі 12 үй алдынан осындай көріністі көруге болады.

«Президентіміз Қасым – Жомарт – Кемелұлы Тоқаев еліміздегі баспанаға мұқтаж азаматтарды барынша тұрғын үймен қамтамасыз етуді ерекше назарында ұстап келеді. Осы мақсатта жұмыс жасайтын «Тұрғын үй – коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 -2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде еліміз бойынша жыл сайын мыңдаған тұрғын үйлер салынып, баспанаға мұқтаж отбасыларға қуаныш сыйлауда. Осы бағдарлама аясында, қайта қалпына келтірілген, Байтұрсынов көшесі, 12 мекен жайында орналасқан 55 пәтерлі тұрғын үйді 983 миллион теңгеге сатып алып, баспанаға мұқтаж, әлеуметтік осал санаттағы отбасыларға беруге мүмкіндік алып отырмыз.Шаңырақтарыңыз шаттыққа толы болып, жаңа үйлеріңізде мерекелі - берекелі күндеріңіз көп болсын! Қоныс тойларыңыз қуанышқа ұласып, жанұядан жылулық кетпесін», -деп ақжарма тілегін жеткізді қала әкімі Әмірхан АСАНОВ аталған үйдің салтанатты ашылуында.

Қала басшысы әр пәтер алушыға кілттерін салтанатты түрде табыс етіп, бірнеше баспанаға арнайы кіріп, қоныс құтты болсын айтты.

«Еңбек Қызыл Ту» және III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің иегері, еңбек ардагері – Құлжан СҮЛЕЙМЕНОВ ақсақал ақ батасын беріп, тұрғындар алғыстарын жеткізді.

**Ғалия ЫСҚАҚОВА:**

«Жаңа үйден пәтер алып отырған кісілерді құттықтаймын. Қоныстарыңыз құтты болсын. Осы үйде терек ағашының жапырағы секілді ұрпақтарыңыз көбейе берсін. Баспанаға мұқтаж кісілерге осылай көмек жасап отырған мемлекет басшысына, облыс, қала әкімдеріне үлкен алғысымызды білдіреміз»

**Ерлан ҚАЛТАЙҰЛЫ:**

«2019 жылдан бері мүмкіндігі шектеулі екі бірдей баласы бар отбасы ретінде үй кезегінде тұрған едік. Енді, міне, өз баспанамызға қол жеткізіп, үлкен қуанышқа кенеліп отырмыз. Баспанаға мұқтаж жандарға жасап отырған қолдауы үшін ел үкіметіне, қала басшылығына рахметімізді айтамыз»

«Тұрғын үй – коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 -2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» негізінде сатып алынған үйді жөндеуден өткізген «Керейт» және «Қарагөз» аталатын жеке кәсіпкерліктер.

Бұл үй тұрғын үй заңнамасында айқындалған әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға беру үшін сатып алынды. Яғни : көпбалалы отбасыларға, жетім балаларға , I–II топтағы мүгедектігі бар жандарға, толық емес отбасыларға және мүгедек бала асыраушы отбасыларына табысталды.

Аталған үйде көлемі 37-51 шаршы метр аралығындағы 1 бөлмелі -17 пәтер, ауданы 54-58 шаршы метр болатын 2 бөлмелі -20 пәтер және көлемі 66.7-98,6 шаршы метрге дейін жететін 3 бөлмелі -18 пәтер бар.

Еске сала кетсек, баспанаға мұқтаж, халықтың әлеуметтік осал топтарын баспанамен қамту жұмыстары қаламызда жүйелі түрде жалғасып келеді. «Тұрғын үй – коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 -2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» негізінде өткен жылы Байтұрсынов көшесі 13 мекен жайында 48 пәтерлі тұрғын үй жөндеуден өткізіліп, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына берілген болатын. Алдағы уақытта да тұрғындарды баспанамен қамту жұмыстары жалғасын табады деп күтілуде.

**«АХ»**

## Есть такая профессия – Родину защищать

**Профессия – Родину защищать была и остается самой почетной. За годы независимости Казахстана воинская служба в нашей стране стала самой престижной и популярной среди молодежи.**

Будущее казахстанских воинов закладывается в военно-учебных заведениях, Вооруженных Сил Республики Казахстан, поэтому дальнейшее совершенствование Вооруженных Сил требует постоянного и пристального внимания к подготовке высококвалифицированных офицерских кадров.

В военные училища принимаются выпускники школ, средне-специальных учебных заведений, в возрасте от 17 до 21 года, а для тех, кто уже отслужил в армии пороговый возраст – 23 года. Для подготовки офицерских кадров в МО РК созданы три военных института, готовящих офицеров с высшим образованием. Военный институт сухопутных войск осуществляет набор по 12 специальностям, Военный институт Сил воздушной обороны осуществляет набор по 7 специальностям. Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи, осуществляет набор по 4 специальностям. Особое внимание при поступлении кандидатов вуз обращается на морально- психологическое состояние и физическое здоровье. Балл ЕНТ должен быть не ниже 50. Достаточно успешно проходят вступительные экзамены; поступает каждый третий.

Во время обучения курсанты находятся на полном гособеспечении с момента прибытия в училище. После окончания учебного заведения, выпускники военного училища получают воинское звание лейтенант, плюс полное государственное обеспечение и трудоустройство. По вопросам поступления в военно – учебные заведения, желающим необходимо обращаться в по делам обороны (военкомат) по месту жительства.

**Отдел по делам обороны г. Аркалыка**

# ТОО «Алюминстрой» готовится к строительному сезону

**До конца календарной зимы остается чуть меньше месяца, а там, как говорится и весна не за горами. То есть не так уж и много времени осталось до начала строительного сезона. В этой связи и была организована беседа с генеральным директором ТОО «Алюминстрой» Абаем МУКАНОВЫМ о планах на предстоящий строительный сезон.**

***– Абай Куспанович, как Вы знаете, нынешний год для нашего города юбилейный, связанный с 70-летием Аркалыка. Понятно, что обо всех планах на строительный сезон пока говорить не представляется возможным. Ведь предстоит еще участие в тендерах. И, тем не менее, поделитесь, пожалуйста, планами предприятия на участие в строительном сезоне.***

– Да, действительно, основная часть ближайших планов связана с государственными закупками. Ожидается, что в этом году ТОО «Алюминстрой» примет участие в работах по завершению строительства участка республиканской трассы «Жезказган – Петропавловск», проходящей в районе нашего региона. По итогам прошлого года на данном участке работы были немного незакончены. Скорее всего, в этом году также будут объявлены конкурсы на завершение работ на данной трассе. Речь идет о необходимости поставить точку в прокладке нескольких участков водопропускных труб. Раз это трасса связана с трубами, то, возможно, именно ТОО «Алюминстрой» будет проводить эту работу, поскольку предприятие располагает всеми техническими возможностями и поставкой соответствующего материала. Это также позволит дополнительно загрузить работой завод железобетонных изделий.



Также ТОО «Алюминстрой» оказывает помощь со строительством аэропорта г. Аркалыка. В частности, туда отправлена специализированная техника, выделяется бетон с завода ЖБИ, да и в целом предприятие готово оказать помощь по тем или иным совместно возникающим вопросам.

Если все же начнутся объемные работы по строительству дороги республиканского значения «Центр – Запад», то, и здесь предприятие не должно будет остаться не удел. Здесь работы на всех хватит. Скажем, та же поставка бетона, асфальта, инертных материалов, задействование строительной техники и т.д. Ведь в настоящий момент специальные комиссии уже изучают данный объект, смотрят карьеры и сам участок прохождения трассы.

***– Ну а непосредственно в черте города ТОО «Алюминстрой» планирует какие-либо виды работ?***

– Думаю, что и в данном плане также предприятию найдется, чем заняться. Ведь по случаю юбилея города запланировано проведение 39-ой областной спартакиады, строительство нового детского сада, который будет располагаться приблизительно в районе 6-го микрорайона, намечено строительство 2-3 физкультурно-оздоровительных комплексов, ремонт городских и внутриквартальных дорог и т.д. Также запланировано начало индивидуального жилищного строительства в 7-ом микрорайоне, где должны быть объекты соцкультбыта. Ко всему, ожидаются ремонты медицинских учреждений города, к примеру, окончание ремонта здания родильного отделения региональной больницы и пр. Ну и где-то в конце марта ожидается окончание строительных работ, связанных с реконструкцией здания под корпус Аркалыкского педагогического университета. Строительство там почти окончено и там остались только мелкие работы.

***– Ожидается ли работа по модернизации технологического оборудования на предприятии?***

– Конечно, подобные планы существуют. К примеру, планируется провести модернизацию щебеночного завода с поставкой дополнительного оборудования для обеспечения инертными материалами. Есть планы по увеличению поголовья скота в сфере животноводства предприятия, в том числе для нужд мясокомбината ТОО «Торгай Ет», являющегося структурным подразделением ТОО «Алюминстрой». Определенные планы есть по модернизации элеватора, установки мельницы и в зависимости от поступления денежных средств в перспективе строительство макаронного цеха. В последнем плане планируется подготовить бизнес-план, подать соответствующую заявку и надеется на поддержку. Определенные планы также имеются и по поддержки села Восточное градообразующим для населенного пункта ТОО «село Восточное». Здесь также многое будет зависеть от финансирования.

**Беседу вел**
**Виталий САЯПИН**

# Билет в Реестр: как бизнесу получить гранты

**Выдача льготных кредитов и безвозмездных грантов остается ключевым рычагом поддержки малого бизнеса в Аркалыке. Однако в 2026 году акценты смещаются: теперь финансовая помощь плотно привязана к социальному статусу предпринимателя. О том, как попасть в заветный Реестр и на что рассчитывает город, рассказал главный специалист отдела предпринимательства Алишер МИРАМОВ.**



## Энергия ветра и медицинские гранты

Прошлый год для Аркалыка стал периодом крупных ставок. В приоритете оказались три масштабных проекта: строительство ветровой электростанции на 50 мВт (10 установок), запуск щебеночного карьера и создание кемпинга для туристов.

Что касается малого бизнеса, то здесь государство ставит на конкретную пользу обществу. В прошлом году город выдал 4 гранта в сферах медицины и образования. В текущем году практика продолжится — предприниматели могут рассчитывать на суммы до 5 миллионов тенге. Но есть нюанс: чтобы претендовать на деньги, нужно официально подтвердить статус социального предпринимателя.

## Четыре категории: от рабочих мест до обучения

Реестр субъектов социального предпринимательства (ССП) — это не просто список, а пропуск к господдержке. Он делится на четыре группы, и у каждой свои жесткие критерии.

Первая категория: работа для тех, кому непросто. Здесь ждут бизнесменов, которые трудоустраивают уязвимые слои населения: людей с инвалидностью, многодетных родителей, пенсионеров, выпускников детских домов и бывших заключенных.

Вторая категория: товары «от своих». К ней относятся те, кто помогает реализовывать продукцию, произведенную людьми из первой категории.

Третья категория: реабилитация и техника. Сюда включены проекты по оказанию медицинских и психологических услуг, производству протезов, ортопедических изделий и медицинского ПО.

Четвертая категория: общественное благо. Образовательные садики, школы, секции для особенных детей, культурные центры и экологические проекты.

## Формула 50/50: сухие цифры для входа

Просто назваться «социальным» недостаточно. Государство требует документальных доказательств эффективности. Главный критерий для всех категорий — финансовый отчет за прошлый год.

Важное условие: Доля доходов от социальной деятельности должна составлять не менее 50% от общего оборота. Столько же — не менее половины чистой прибыли — должно реинвестироваться в социальные цели.

Для каждой категории предусмотрен свой пакет документов: от штатного расписания и трудовых договоров до справок о доле чистого дохода.

## Куда обращаться?

Бюрократия не должна пугать: за разъяснениями и помощью в оформлении документов предпринимателей ждут в акимате г. Аркалыка, в 610 кабинете. Специалисты отдела предпринимательства готовы провести по всем этапам подачи заявки — от проверки на соответствие критериям до включения в Реестр.

**«АХ»**

**ӨЗАҒАҢНЫҢ ТУҒАНЫНА – 95 ЖЫЛ!**

# Өзағаңның өнегеге толы өмірі

**Өзбекәлі Жәнібеков 1931 жылы 28 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар ауданының Сарықамыс ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы қиындыққа толы болды.**

Әкесінен ерте айырылды. Жастайынан қара жұмысқа араласты. Отын шапты, шөп жинады, су тасыды, мал бақты. Аурушаң анасына барынша көмектесуге тырысты. Сегіз жасында анасынан айырылды. Жетімдіктің қамытын ерте киіп, тағдырдан әбден тепеpiш көрді. Соған қарамастан, білімін шыңдап, Абай атындағы Қазақ педагогика институтына түседі. Бірақ жоқшылықтың салдары сезілді. Ауылынан Алматыға шыққанда жолына ақша таппай қиналды. Ал қалаға барғаннан кейін күндіз сабақ оқып, кешке қара жұмыс істеді. Вагондардан жүк түсірген кездері аз емес.

Институтты үздік бітірген Өзбекәлі Жәнібеков алдымен оңтүстікке оралып, мектепке орналасты. Көп ұзамай, тарихтан сабақ бере бастайды. Білімді әрі білікті ұстаз бірден көзге түседі. Оқу ісінің меңгерушісі болды. Қоғамдық шараларға белсене атсалысып жүрді. Сөйтіп, аудандық комсомол ұйымының жетекшісі қызметіне дейін көтеріледі.

Өзбекәлі Келес ауданында қызметте жүргенде болашақ жары Халиханмен көңіл қосып, шаңырақ көтереді. Екі ұлы және бір қызы дүниеге келеді. Өзбекәлі балаларын қазақылыққа барынша баулып өсірген. Халыққа да жақын болды. Ел арасында оны «Өзаға» деп атайтын.

«Ол - өзінің турашылдығымен, қазақ халқын жан-тәнімен сүйетін ұлы қасиетімен ел арасында аты аңыз болып тараған адам. Өзбекәлі қазақ мәдениетінің, қазақ руханиятының қайыспайтын қара нары еді», - дейді мемлекет қайраткері Мырзатай Жолдасбеков.

Өзбекәлі кеңес билігімен жиі сөзге келіп қала берді. Бірде үкіметке қазақ жастарын мал шаруашылығына жаппай жіберу, ал қыздардан трактор бригадаларын құру ұсынысы енгізілді. Өзекең оған қарсы екенін ашық айтты. Жастарды өнер-білімге баулуға жағдай жасады.

Ұлтжанды Өзбекәлі Жәнібеков кеңестік идеологияның тар шеңберіне сыймады. Біліктің ұстанымына қарамастан, қазақтың тарихын терең зерттеді, салт-дәстүрді кеңінен насихаттауға күш салды. Содан оны астанадан шалғай жерге жіберді. Өзекең жаңадан құрылған Торғай облысына барды. Облыстық партия комитетінің үшінші хатшысы қызметін атқарып жүріп, Торғай өңірін танымастай өзгертеді.

«Әлі есімізде, 70-жылдары Өзекең Торғай облысы жаңадан құрылып, сол өңірге жастар жаппай бет алып, болашаққа деген сенім, жасампаздық сезім күшейіп тұрған шақ болатын. Өзбекәлі Жәнібековтің есімі жиі естіліп, оның бастамасы республикаға тарап жатқан кез еді. Торғай облысында қызмет атқарған тұста Арқалықтағы мәдениет үйінің қабырғаларын өз қолымен әктеп, бояп-сырлағанын естігенде бұл кісінің ұлық болсаң – кішік бол деген қарапайым болмысымен нағыз тұлға екенін танып, сүйсінетінбіз», - дейді академик Серік Сейдуманов.

Бес жылдан кейін Орталық комитеттің шет елдермен байланыс бөлімін басқарады. Ал араға бір жыл салып, мәдениет министрінің орынбасары болып тағайындалады. Өзбекәлі Жәнібеков мәдениет министрлігіне келген бойда қазақтың сәулет ескерткіштеріне көп мән бере бастады. Оның тұсында 400-ге жуық археологиялық нысанды қалпына келтіру жұмыстары атқарылды. Соның ішінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесі де бар. Басшымын деп кекірейген жоқ. Балағын түріп, жұмысшылармен бірге құм тасыды.

Әсіресе, әулие кесенесі негізінде құрылған «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің құрылуына қосқан үлесі зор. Кеңес өкіметінің саясатына қарамай, кесенеде жерленген хандар мен сұлтандар, билер және батырлардың құлпытастарын музей экспозициясына қойды. Атеистік қоғамда Қожа Ахмет Яссауидің мұрасы мен іліміне бетбұрыс жасады.

Өзбекәлі Жәнібеков құлпытастардағы араб тіліндегі жазуларды да қазақ тіліне аударуға атсалысты. Ол кезде кесененің сән-салтанаты болған атақты Тайқазанның орны бос тұрған. Оны 1935 жылы Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербор) қаласында өткен Иран шеберлерінің III Халықаралық конференциясына үш айға апарған. Бірақ кері қайтарған жоқ. Араға 54 жыл салып, 1989 жылдың 18 қыркүйегінде Тайқазан тарихи отанына қайта оралды. Бұның бәрі – Өзбекәлі Жәнібековтің жанкиярлық еңбегі.

Ал Арыстан баб кесенесінің жұма мешітін қалпына келтіруге кірiскенде Мәскеу рұқсат бермеді. Содан Өзбекәлі Жәнібеков айлаға көшіп, Отырардың суландыру жүйесінің экспозициясын жасаймыз деп, кезінде құлатылған мешітті қалпына келтірді.

Өзбекәлі қазақ халқының көне музыкалық аспаптарын да зерттеді. «Шертер», «Адырна», «Алтынай» және тағы басқа фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды.

«Өзекең біздің дәуірімізге бірде-бір қасаба жетпеді ме деп, оны эрмитажға дейін іздеп барды. Татарлардың арасында бар екенін біледі. Сөйтіп жүріп, орталық архивтен ертеде тапсырылған бір қасабаны тауып, соны ары қарай ұлт мәдениеті ретінде көрсетті», - деп еске алады профессор Құлбек Ергөбек.

Өзбекәлі Жәнібеков шошаланың эскизін айна-қатесіз жасап, кезінде Сырдариядан жүрген ағаш қайықтың үлгісін де қалпына келтірді. Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене атсалысты. Наурыз мейрамының жаңғыруына зор үлес қосты. Айтысты жаңғыртты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ халқының рухани қазынасын көздің қарашығындай сақтап, оны кейінгі ұрпаққа аманаттаған ұлы қайраткер. Оның өмірі мен қызметі – елге адал қызмет етудің, ұлттық мүддені қорғаудың жарқын үлгісі.

**Жанар ӘБІШ,**
**№10 мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі**
**Ербол ЖАРМАҒАМБЕТОВ,**
**тарих пәнінің мұғалімі.**

# Ұлт руханиятының шырақшысы

**Қазақ руханиятының қайта түлеу жолында өлшеусіз еңбек сіңірген бірегей тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Ол – мемлекет қайраткері ғана емес, ұлттың рухани жадын жаңғыртқан этнограф, мәдениет жанашыры.**

Өзбекәлі Жәнібеков Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын тәмамдап, еңбек жолын қарапайым ауыл мұғалімдігінен бастады. Шымкент облысының Келес ауданында оқу ісінің меңгерушісі, аудандық және облыстық комсомол комитеттерінде жауапты қызметтер атқарды. Кейін Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде, Мәдениет министрлігінде, жоғары лауазымдарда еңбек етті. Осы қызметтердің бәрінде ол ұлт мүддесін алдыңғы орынға қойды.

Торғай өңірі Өзбекәлі Жәнібековтің есімін ерекше ілтипатпен еске алады. 1970–1975 жылдары Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы болған тұста ол өңірдің мәдени өміріне тың серпін берді. Мәскеудегі Щепкин атындағы театр институтында оқыған қазақ жастарын елге алдыртып, Арқалық қаласында облыстық театрдың ашылуына тікелей ықпал етті.



Өзбекәлі Жәнібеков қазақтың дәстүрлі қолөнерін ғылыми тұрғыда зерттеп, ұмыт бола бастаған құндылықтарды тірілтті. Тақыр кілем, түкті кілем, алаша, откиіз секілді бұйымдарды жинап, олардың ою-өрнегін, мағынасын зерттеді. Сол жәдігерлерді мұражай қорына өткізіп, негізінде құнды еңбектер жазды. Әсіресе қазақ қыз-келіншектерінің ұлттық киімдері – кимешек, сәукеле сынды асыл мұраларға айрықша назар аударды.

Мәдениет министрінің орынбасары әрі министрі қызметінде жүргенде ол ұлттық өнер мен салт-дәстүрді бүкіл Қазақстан көлемінде жаңғыртуға күш салды. Алматы, Шымкент, Қостанай, Арқалық қалаларында ашылған мұражайлар – осы еңбектің жарқын жемісі.

Қазақ айтысының қайта жаңғыруы да Өзбекәлі Жәнібеков есімімен тығыз байланысты. Ол айтысты алғаш жүйелі түрде ұйымдастырып, ұлттық деңгейге көтерді. Сонымен қатар, кеңестік кезеңде ұмыт бола жаздаған Наурыз мерекесін халыққа қайта қайтарды. 1988 жылдан бастап бұл мейрам қазақ даласында қайта жаңғырып, елдік мерекеге айналды. Өзбекәлі Жәнібеков балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің жай-күйіне, мектеп оқулықтарының сапасына, ана тілінде жазылған төл еңбектердің қажеттілігіне ерекше мән берді. Сондай-ақ, халқымыздың тарихындағы 1930–1940 жылдардағы бұрмалауларға қайта үңілу қажеттігін батыл көтеріп, тарихи әділдікті қалпына келтіруге үндеді.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ халқының рухани жаңғыру жолында аянбай еңбек еткен, елдік мүддені жеке бастың пайдасынан биік қойған кемел тұлға. Ұмыт бола бастаған тарихи құндылықтарды тірілтіп, халық жадын жаңғыртуға бар күш-жігерін арнады. Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегі – бір дәуірдің айнасы ғана емес, бүгінгі ұрпаққа бағытталған рухани бағдар. Оның ұлттық өнерді, айтыс пен Наурыз мерекесін қайта жаңғыртудағы қайраткерлігі, тарихи әділдікке ұмтылған батыл ойлары – ел жадында мәңгі сақталатын өнеге. Мұндай тұлғалардың өмір жолы жас ұрпақты отаншылдыққа, ұлттық болмысты қадірлеуге тәрбиелейді. Сондықтан Өзбекәлі Жәнібековтің есімі қазақ мәдениетінің қайта өрлеу кезеңімен бірге аталып, халық жүрегінде мәңгілік орын алады.

**Әсел НҰРМҰХАНОВА,**
**Фурманов жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**К ВСЕМИРНОМУ ДНЮ ВЫБОРОВ**

# Выборы без барьеров

**Обеспечение избирательных прав граждан с инвалидностью является одной из приоритетных направлений деятельности избирательных комиссий. Работа по созданию условий для реализации их избирательных прав осуществляется в тесном контакте с местными исполнительными органами и профильными государственными органами.**

Город Аркалык представляет собой обширную административно-территориальную единицу. Достаточно сказать, что она охватывает почти два десятка населенных пунктов. Помимо, собственно, города Аркалыка в границы одноименной административно-территориальной единицы входят 19 сельских населенных пунктов. В каждом их этих сел есть избирательные участки. Вместе с городскими избирательными участками – непосредственно в черте города 10 участков, они и образуют общую избирательную инфраструктуру.

Избирательные участки – всего 29, размещаются в зданиях государственной собственности. Основная часть – 21, располагаются в объектах образования. В объектах культуры – в сельских домах культуры, размещены 6 избирательных участка. Кроме того, два избирательных участка – специфического профиля, образованы при Аркалыкской городской больнице и в здании следственного изолятора при Управлении полиции города Аркалыка.

Столь подробное описание места расположения избирательных участков продиктовано желанием разъяснить смысл выше сказанного принципа совместной работы избирательных органов с местными исполнительными и профильными органами. В первую очередь это подразумевает взаимодействие с акиматом города и профильными органами – отделами образования и культуры акимата города Аркалыка, к которым относятся объекты, где размещаются избирательные участки. В качестве собственников зданий школ и объектов культуры несут ответственность за создание без барьерной среды для граждан с инвалидностью и других категорий маломобильных групп. В том числе, для избирателей.

В данном случае, стоит отдельно выделить также деятельность отдела занятости и социальных программ акимата города Аркалыка. В рамках проекта по созданию без барьерной среды, реализуемого Министерством труда и социальной защиты населения (МТЗСН), отделом труда и занятости осуществляется комплексная работа по адаптации объектов социальной инфраструктуры. Как уже было выше сказано, почти все избирательные участки города Аркалыка расположены именно в объектах социальной инфраструктуры, которые напрямую подпадают в программу адаптации инфраструктуры. Интерактивная Карта доступности МТЗСН позволяет осуществлять эффективный мониторинг в режиме онлайн. Работы по адаптации охватили 24 объекта, где размещены избирательные участки. Они внесены в интерактивную Карту доступности МТЗСН.

Остается добавить, что работы по адаптации подразумевают не только аспекты технического характера (установка пандусов, подъемных устройств, широких дверей, кабин, обеспечивающих доступ, передвигающимся на колясках), но и обеспечение информационной доступности. К примеру, в период электоральных кампаний специально для отдельных категорий граждан избирательные участки обеспечиваются аудио-видео файлами, содержащую полную информацию о выборах, о баллотирующихся кандидатах. К услугам граждан с инвалидностью, умеющих пользоваться шрифтом Брайля предоставляется информация в соответствующем формате. Кроме того, на участках создаются уголки для граждан с инвалидностью с отдельным компьютером (с соответствующим размером монитора), наушниками, лупой, трафаретами для заполнения бюллетеней. При наличии специалиста жестового языка они также могут привлекаться к услугам отдельных категорий граждан. Кроме того, в населенных пунктах, где имеются службы инватакси они также могут привлекаться в день голосования для транспортировки маломобильных граждан. Ну а в случаях, когда избиратели по причине болезни или инвалидности не могут прибыть к месту голосования, им обеспечивается возможность голосования вне помещения для голосования, с выездом членов избирательной комиссии с бюллетенями и переносной урной непосредственно к месту пребывания избирателя.

**По информации территориальной избирательной комиссии города Аркалык.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ
### Қоғамдық тыңдаулар

«AITEGA GROUP» ««Қостанай облысының Аулиекөл ауданында орналасқан «Черная Мазарка» кен орнында құрылыс тасын өндіруге арналған тау-кен жұмыстар жоспары» экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар" жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді..

Әсер етуі мүмкін аумақ: Қостанай облысы, Аулиекөл ауданы, Чернигов ауылдық округі, Черниговка ауылы. Участкенің географиялық координаттары: 1) 64°27'45,27" Ш.Б. 52°24'40,86" С.Е., 2)64°28'1,77" Ш.Б. 52°24'40,17" С.Е., 3)64°27'54,73" Ш.Б. 52°24'33,43" С.Е., 4) 64°27'56,6" Ш.Б. 52°24'31,19" С.Е., 5) 64°27'54,62" Ш.Б. 52°24'25,11" С.Е., 6)64°27'49,26" Ш.Б. 52°24'26,57" С.Е., 7) 64°27'46,71" Ш.Б. 52°24'29,24" С.Е., 8) 64°27'40,26" Ш.Б. 52°24'32,5" С.Е.

Тыңдау 19.03.2026 сағат 12.00-те с. Черниговка, "Әулиекөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Чернигов жалпы білім беретін мектеп" КММ Ленин көшесі, 33 ғимарат мекенжайы бойынша өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады. Онлайн тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: уақыты: 20 ақпан 2026 11:00 AM Астана, Алматы

Zoom конференциясына қосылыңыз: https://zoom.us/j/3875309521?pwd=ZWZra1Q5MTV6V0ltSU9wZVZZTDZCZz09

Конференция идентификаторы: 387 530 9521 Қатысу коды: uv3JD5

Тапсырыс беруші «AITEGA GROUP» ЖШС бастамашысы Қостанай қ. БСН: 190240001150 KZ4496513F0007549664 "Forte Bank" АҚ БСК: IRTYKZKA.

Әзірлеуші: Астана қаласы "РУДПРОЕКТ" ЖШС, Ақарыс к., 37, тел. 8 705 470 98 66

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ndbecology.gov.kz/ https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: rudproject@mail.ru 87054709866

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Қостанай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі 72, zh.remizova@kostanay.gov.kz, тел: 87142 546166

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі 72, zh.remizova@kostanay.gov.kz, тел: 87142 546166

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылады: "Қазақстан РТРК "KOKSHE" АҚ телеарнасы, "Арқалық хабары"газеті.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ
### Общественные слушания

ТОО «AITEGA GROUP» проводит общественные слушания по проекту Материалы на получение Экологического разрешения r «Плану горных работ на добычу строительного камня на месторождении «Черная Мазарка», расположенному в Аулиекольском районе Костанайской области».

Территория, на которое может быть оказано воздействие: Костанайская область, Аулиекольский район, Черниговский сельский округ, село Черниговка. Географические координаты участка: 1. 64° 27 45,27" В.Д. 52° 24' 40,86" С.Ш., 2. 64° 28' 1,77" В.Д. 52° 24' 40,17" С.Ш., 3. 64° 27' 54,73" В.Д. 52° 24' 33,43" С.Ш., 4. 64° 27' 56,6" В.Д. 52° 24' 31,19" С.Ш., 5. 64° 27 54,62" В.Д. 52° 24' 25,11" С.Ш., 6. 64° 27 49,26" В.Д. 52° 24' 26,57" С.Ш. 7. 64° 27 46,71" В,Д. 52° 24' 29,24" С.Ш., 8. 64° 27 40,26" В.Д. 52° 24' 32,5" С.Ш.

Слушания состоятся 19.03.2026 в 12.00ч. по адресу с. Черниговка, КГУ «Черниговская Общеобразовательная школа отдела образования Акимата Аулиекольского района», ул. Ленина, 33. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM. Для участия в слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке: https://zoom.us/j/3875309521?pwd=ZWZra1Q5MTV6V0ltSU9wZVZZTDZCZz09

Идентификатор конференции: 387 530 9521 Код доступа: uv3JD5

Заказчик инициатор ТОО «AITEGA GROUP», Костанайская область, г. Костанай, ул. Узколинейная, д. 35 БИН:190240001150 KZ4496513F0007549664 в ФАО «Forte Bank » в г.Костанай, БИК: IRTYKZKA

Разработчик: ТОО «РУДПРОЕКТ» г.Астана, ул.Акарыс,37. тел. 8 705 470 98 66

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: https://ndbecology.gov.kz/ https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/

Электронный адрес и номер телефона, по которому можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: rudproject@mail.ru 87054709866

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Костанайской области г. Костанай, ул.Тәуелсіздік, 72, zh.remizova@kostanay.gov.kz, тел: 87142 546166

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Костанайской области г. Костанай, ул.Тәуелсіздік, 72, zh.remizova@kostanay.gov.kz, тел: 87142 546166

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языке будет распространенно следующими способами: Телеканал АО «РТРК Казахстан» KOKSHE», Газета «Аркалык хабары».

# 70 жасыңыз жақсылығымен келсін!



*Ақпан айының 1 жұлдызында Арқалық аймағына белгілі азамат, «Бірлік – К» ЖШС басшысы, досым* ***Мұқашев Қазбек Қанапияұлының*** *туған күні. Дәл осы күні ол 70 жасқа толды.*

*Қазбек Қанапияұлы отбасылық өмірде өнегелі әке, ардақты жар, ағайынға сыйлы азамат. Өзі құрып, кәсіби шеберлікпен басқарып келе жатқан «Бірлік – К» ЖШС-не де 30 жыл толады. Саналы ғұмырын ауылшаруашылық саласына арнап, Фурманов ауылының ғана емес, Арқалық қаласының дамуына өз үлесін қосып келеді. Алдағы уақытта да ісіңіз берекелі болып, елдің алғысын арқалап, аман жүріңіз.*

*70 жас мерейлі мерекесімен Қазбек Қанапияұлын және оның отбасын құттықтай отырып, өмірдің бар жақсылығын тілеймін! Алла тағала сарқылмас күш-қуат, қажымас қайрат берсін! Туған күніңмен, Қазеке!*

*Құтты болсын 70 жасыңыз,*
*Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.*
*Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,*
*Жүзіп өтіп, жүзге аяқ басыңыз!*
*Балалардың арасында жүріңіз,*
*Шаттық нардан айықпасын жүзіңіз!*
*Тілек еттік шын жүректен бәріміз*
*Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз!*

***Құттықтаушылар Бейсенбай – Қаншайым***

**Объявление**

ТОО «БЕКК» извещает участников о созыве внеочередного общего собрания участников ТОО «БЕКК», которое будет проведено **5 марта 2026 года в 10.00 ч.** по адресу: город Аркалык, село Ангарское, улица Ленина, 17.

**Повестка дня общего собрания:**

Об юридическом адресе Товарищества.
Об изменении состава участников Товарищества.
Об утверждении изменений к Уставу и Учредительному договору.
О наделении полномочиями на подписание изменений к Уставу и Учредительному договору Товарищества.

## Арқалық қаласының сайлау комиссияларының құрамындағы өзгерістер туралы ХАБАРЛАМА

Арқалық қалалық мәслихаты Арқалық қаласының округтік және учаскелік сайлау комиссияларында бос орындар бары туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10-бабына сәйкес саяси партиялар сайлау комиссиялары құрамына өз кандидатураларын қалалық мәслихатқа 2026 жылдың ақпанның 6-нан 20-на дейін ұсынуға болады.

Көрсетілген мерзімде саяси партиялар тиісті мәслихатқа белгілі сайлау комиссиясына ұсынылған кандидатуралардың тізімін мына құжаттармен қоса жібереді:

жарғыға сәйкес тиісті сайлау комиссиясы құрамына кандидат ұсынуға өкілеттілігі бар саяси партия органдары мәжілісінің хаттамасының үзіндісі;

саяси партияның әділет органдарында тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі;

кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы тиісті мәслихатқа жазылған өтініші;

кандидаттың жеке куәлігінің көшірмесі.

Мәслихат белгілеген 15 күн ішінде, саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, өзге қоғамдық бірлестіктер және жоғары тұрған сайлау комиссиясы сайлау комиссияларының құрамына өз кандидатураларын ұсына алады.

Құжаттар Арқалық қалалық мәслихатына мына мекен-жай бойынша ұсынылады: Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29, 714-кабинет.

Анықтама тел.: 7-09-23, 7-52-32

**Арқалық қалалық мәслихатының төрағасы** **Г. ЕЛТЕБАЕВА**

## СООБЩЕНИЕ об изменениях в составах избирательных комиссий города Аркалыка

Аркалыкский городской маслихат сообщает о вакантных местах в окружных и участковых избирательных комиссиях города Аркалыка.

В соответствии со статьей 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» политические партии представляют свои кандидатуры в состав избирательных комиссий в городской маслихат в период с 6 по 20 февраля 2026 года.

В указанный период политические партии направляют в соответствующий маслихат список кандидатур, предлагаемых в состав избирательных комиссий, прилагая к ним:

выписку из протокола заседания органа политической партии о представлении кандидата в состав соответствующей избирательной комиссии;

копию документа о регистрации политической партии в органах юстиции;

заявление кандидата в соответствующий маслихат о согласии на участие в работе избирательной комиссии;

копию документа, удостоверяющего личность гражданина.

В случае отсутствия предложений политических партий в установленный маслихатом пятнадцатидневный срок, общественные объединения и вышестоящая избирательная комиссия могут представлять свои кандидатуры в состав избирательных комиссий.

Документы предоставлять в Аркалыкский городской маслихат по адресу:

г. Аркалык, пр. Абая, 29, каб. 714.

Телефон для справок: 7-09-23, 7-52-32.

**Председатель Аркалыкского городского маслихата** **Г.ЕЛТЕБАЕВА**

### БОС ОРЫНДАР

**Округтік сайлау комиссияларында:**

| № | Сайлау округтерінің нөмірі мен орналасқан жері | орын |
|---|---|---|
| 1 | №3, (Р.Маясова к-сі,9/1, мектеп ғимараты) | 1 |
| 2 | №5, (Ш.Жәнібек к-сі,64,колледж ғимараты) | 1 |
| 3 | №7, (Ш.Жәнібек к-сі,91,мектеп ғимараты) | 1 |

**Учаскелік сайлау комиссияларында:**

| № | Сайлау учаскелерінің нөмірі мен орналасқан жері | орын |
|---|---|---|
| 1 | №79, (Р.Маясова к-сі,9/1, мектеп ғимараты) | 1 |
| 2 | №87,(Ашутасты а.,Школьная к-сі,1а,мектеп ғимараты) | 1 |
| 3 | №94,(Целинный а.,Школьная к-сі,11,мектеп ғимараты) | 3 |
| 4 | №95,(Молодежный а.,Набережная к-сі,38,мәдениет үйі ғимараты) | 1 |
| 5 | №96,(Жалғызтал а.,Центральнаяк-сі,7,мектеп ғимараты) | 1 |
| 6 | №97,(Әбдіғаппар хан а.,Ахметжанов к-сі,8,ауыл клубының ғимараты) | 1 |
| 7 | №101,(Мирный а.,Механизаторов к-сі, 13, мектеп ғимараты) | 2 |
| 8 | №104,(Абай даңғылы,45,музыка мектебінің ғимараты) | 1 |
| 9 | №106,(Ш.Жәнібек к-сі,91,мектеп ғимараты) | 1 |

### ВАКАНТНЫЕ МЕСТА

**В окружных избирательных комиссиях:**

| № | Номер избирательных округов и место нахождения | Ед. |
|---|---|---|
| 1 | №3,(ул.Р.Маясовой,9/1, здание школы) | 1 |
| 2 | №5,(ул.Ш.Жанибека,64,здание колледжа) | 1 |
| 3 | №7,(ул.Ш.Жанибека,91, здание школы) | 1 |

**В участковых избирательных комиссиях:**

| № | Номер избирательных участков и место нахождения | Ед. |
|---|---|---|
| 1 | №79, (ул.Р.Маясовой,9/1, здание школы) | 1 |
| 2 | №87,( с.Ашутасты ул.Школьная,1а,здание школы) | 1 |
| 3 | №94,( с.Целинное,ул.Школьная,11,здание школы) | 3 |
| 4 | №95,( с.Молодежное,ул.Набережная,38,здание дома культуры) | 1 |
| 5 | №96,( с.Жалғызтал,ул.Центральная,7,здание школы) | 1 |
| 6 | №97,(с.Әбдіғаппар хана,ул.Ахметжанова,8,здание сельского клуба) | 1 |
| 7 | №101,(с.Мирное,ул.Механизаторов,13,здание школы) | 2 |
| 8 | №104, (пр.Абая, 45, здание музыкальной школы) | 1 |
| 9 | №106,(ул.Ш.Жанибека,91,здание школы) | 1 |

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
110300, г. Аркалык, ул. Ш.Жанибека, 77, (с торца, со стороны садика „Раушан").
E-MAIL: arkalyk.habar@mail.ru,
www.arkpress.kz
ТЕЛЕФОН: 7-43-50
(бухгалтерия, реклама).

Собственник:
ТОО «Аркалык хабары»
Главный редактор
К.А. ЕСМАГАНБЕТОВ

Компьютерный набор, печать офсетная.
Усл. печ. л.2
Отпечатана в ТОО "Полиграфия Костанай"
110000, г. Костанай, ул. Мауленова, д. 16

Ⓡ - на правах рекламы

*Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов. Ответственность за содержание рекламы и объявлений несет рекламодатель.*

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №13024-Г от 20.09.2012 г.
Выдано Министерством культуры и информации РК

**Газета выходит еженедельно, в пятницу.**
Тираж - 1500. Заказ №135